



2019 жылғы "04" маусым

" " 20 года

Аудиторлық есеп

Аудиторский отчет

Бұлақты ауылы

№2 дана

I. Кіріспе бөлік

1.1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы: «Алакөл ауданының Бескөл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. Мекеме Алматы облысының Әділет департаменті Алакөл ауданының Әділет басқармасында Заңды тұлға ретінде тіркеуден 2013 жылдың 25 сәуірінде өткен (алғашқы тіркелген күні 14.03.2013ж.). Бизнес сәйкестендіру нөмірі: 130340012941. Есеп айырысу операциялары «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық комитеті Алматы облысы бойынша қазнашылық департаментінің Алакөл ауданы бойынша қазнашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінде жүргізіледі. Банктік сәйкестендіру коды KKMFKZ2A, жеке сәйкестендіру коды KZ85070103KSN0915000.

Заңды тұлғаның орналасқан жері: Алматы облысы Алакөл ауданы Бұлақты ауылы Б.Момышұлы көшесі, №90 ғимарат.


1.2. Аудиторлық іс-шараның атауы: жергілікті бюджет қаражатының Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамаларына сәйкес пайдаланылуы.

1.3. Мемлекеттік аудит объектісіндегі мемлекеттік аудиттің мақсаты: жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануға және мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығына және дұрыстығына аудит жүргізу.

1.4. Мемлекеттік аудиттің мәні: 2017-2018 жылы аудиторлық іс-шарамен (тексерумен) қамтылуға жататын бағдарламалар: 001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер», 005 «Балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру», 008 «Елді

Көшірме жасауға тыйым салынады. Снятие копий запрещается.

007712



мекендердің көшелерін жарықтандыру», 009 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету», 011 «Елді мекендерді көгалдандыру және абаттандыру», 013 «Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету», 022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары».

1.5. Аудиттің типі, тексерудің түрі: сәйкестік аудиті.

1.6. Мемлекеттік аудит тобының құрамы: Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының бас маман - мемлекеттік аудиторы Елубаева Салтанат Сламғалиқызы 2016 жылғы 05 желтоқсандағы №0303 сертификаты.

1.7. Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Қ.М.Манамұратовтың 2019 жылғы «18» сәуірдегі №02-16/6.22-131-Т мемлекеттік аудит жүргізуге тапсырма.

1.8. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2017 жылдың 01 қаңтарынан бастап, 2018 жылдың 31 желтоқсанын қоса алғанда.

1.9. Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі: 2019 жылдың 29 сәуірінен 04 мамыр аралығы.

1.10. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары: 2019 жылғы 18 сәуірдегі аудиторлық іс – шараны жүргізу туралы № 02-13/642 хабарламасы беріле отырып, мекеме басшысы Бейсембаев Нурлан Муратовичтың рұқсатымен, есепші Шудабаева Кайныйкул Ахметкалиевнаның қатысуымен жүргізілді. Аудитпен қамтылған мерзім аралығында бірінші қол қою құқығына 2013 жылдың 08 тамызынан 2017 жылдың 07 тамызына дейін Сасанов Серик Ахметканович, 2017 жылдың 07 тамызынан бүгінгі күнге дейін Бейсембаев Нурлан Муратовичіе. Екінші қол қою құқығына 2016 жылдың 13 қыркүйегінен бүгінгі күнге дейін Шудабаева Кайныйкул Ахметкалиевна ие болған.

1.11. Үстеме тексеру жүргізілген объектілердің тізбесі: жүргізілмеді.

1.12. Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы қысқаша мәліметтер:

1) Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының 2017 жылға арналған аудит жүргізу мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес, Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының 2017 жылдың 07 наурыздағы №02-16/39.40-51-Т тапсырмасы негізінде, аталған комиссияның бас маман – мемлекеттік аудиторлары Ғ.Қазақбеков және М.Ботабеков 2015 жылдың сәуірінен бастап, 2016 жылдың желтоқсанын қоса алған кезеңге жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануына аудит жүргізген. Аудит қорытындысы бойынша бұзушылықтар анықталмады.

Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы тарапынан аудиторлық қорытындылары (Нұсқамалары) бойынша орындалу мерзімі өткен немесе бақылауда тұрған тапсырмалық тармақтар жоқ.

С. Бейсебаев

I. Негізгі бөлік

2.1. Аудит бағдарламасын ашып жазу:

Аудит бағдарламасымен қамтылған жалпы бюджет қаражатының сомасы 57418,6 мың теңге, соның ішінде жылдар бөлінісінде:

2017 жылы:

001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша – 22907,5 мың теңге;

013 «Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша – 2414,0 мың теңге;

022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша – 695,0 мың теңге.

Барлығы 26016,5 мың теңге.

2018 жылы:

001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша - 23958,1 мың теңге;

005 «Балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру» бағдарламасы бойынша - 659,7 мың теңге;

008 «Елді мекендердің көшелерін жарықтандыру» бағдарламасы бойынша - 1220,0 мың теңге;

009 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша - 724,6 мың теңге;

011 «Елді мекендерді көгалдандыру және абаттандыру» бағдарламасы бойынша - 741,9 мың теңге;

013 «Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша – 2438,0 мың теңге;

022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша – 1659,8 мың теңге.

Барлығы 31 402,1 мың теңге.

Мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын көрсеткіштер:

Мәнділік, аудиторлық тәуекел деңгейлері, іріктеу параметрлері, көлемі және әдістерін нақтылау арқылы анықталған мемлекеттік аудит объектісінің қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарынан ауытқуы және мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес ең жоғары жол берілетін мөлшері айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де факторлардың көлемі.

Көрсеткішті қолдану бойынша түсіндірме:

С. Айт

Аталған көрсеткішті ашу мақсатында мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігін ескере отырып, мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателер бойынша мекеме қызметкерлерінің өз лауазымдық қызметін атқару барысында қызметтік нұсқаулықта көрсетілген міндеттердің қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарын сақтауына талдау жасалды.

Мемлекеттік аудит ұсынылған құжаттардан іріктеліп жүргізілді.

2.1.1. Аудит бағдарламасындағы мәселенің атауы:

1. Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарлауын, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігі тексеру.

2. Есеп айырысу тәртібінің сақталуын, банк операцияларының анықтығын, дұрыстығын тексеру.

3. Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығын тексеру.

4. Іс сапарға шығындалған қаражаттардың негізділігін тексеру.

5. Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуын тексеру.

6. Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы, шарттардың болуы, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуын тексеру.

7. Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру.

8. Мемлекеттік органның күрделі шығыстарының негізділігін тексеру.

9. Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының сақталуын тексеру:

а) ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келу бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігі;

б) елді мекенді көшелерін жарықтандыру бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігі;

в) елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігі;

г) елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігі;

C. Dug

д) «аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігі.

10. Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында туындаған және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер.

2.1.1.2. Аудит бағдарламасының мәселесін талдау, соның ішінде:

1. Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарлауын, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігі тексеру.

2017 жыл:

001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша нақтыланған жоспар 22908,0 мың теңге. Алғашқы қаржыландыру жоспарына мәслихат шешімдерінің негізінде өзгерістер мен нақтылаулар енгізілді және қаржыландыру жоспары 93,0 мың теңгеге ұлғайды. Төленген міндеттемелер сомасы 22907,5 мың теңгені құрады. Жоспардан қалған қаражат 0,5 мың теңгені құрады;

013 «Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша нақтыланған жоспар 2414,0 мың теңге. Алғашқы қаржыландыру жоспарына өзгерістер мен нақтылаулар енгізілмеді. Төленген міндеттемелер сомасы 2414,0 мың теңгені құрады;

022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша нақтыланған жоспар 695,0 мың теңге. Алғашқы қаржыландыру жоспарына мәслихат шешімдерінің негізінде өзгерістер мен нақтылаулар енгізілді және қаржыландыру жоспары 435,0 мың теңгеге ұлғайды. Төленген міндеттемелер сомасы 695,0 мың теңгені құрады.

2018 жыл:

001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша нақтыланған жоспар 23971,0 мың теңге. Алғашқы қаржыландыру жоспарына мәслихат шешімдерінің негізінде өзгерістер мен нақтылаулар енгізілді және қаржыландыру жоспары 758,0 мың теңгеге ұлғайды. Төленген міндеттемелер сомасы 23958,1 мың теңгені құрады. Жоспардан қалған қаражат 12,9 мың теңгені құрады;

005 «Балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру» бағдарламасы бойынша нақтыланған жоспар 660,0 мың теңге. Алғашқы қаржыландыру жоспарына өзгерістер мен нақтылаулар енгізілмеді. Төленген міндеттемелер сомасы 659,7 мың теңгені құрады. Жоспардан қалған қаражат 0,3 мың теңгені құрады;

008 «Елді мекендердің көшелерін жарықтандыру» бағдарламасы бойынша нақтыланған жоспар 1220,0 мың теңге. Алғашқы қаржыландыру жоспарына өзгерістер мен нақтылаулар енгізілмеді. Төленген міндеттемелер сомасы 1220,0 мың теңгені құрады;

С. Есмағали

009 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша нақтыланған жоспар 747,0 мың теңге. Алғашқы қаржыландыру жоспарына өзгерістер мен нақтылаулар енгізілмеді. Төленген міндеттемелер сомасы 724,6 мың теңгені құрады. Жоспардан қалған қаражат 22,4 мың теңгені құрады;

011 «Елді мекендерді көгалдандыру және абаттандыру» бағдарламасы бойынша нақтыланған жоспар 742,0 мың теңге. Алғашқы қаржыландыру жоспарына өзгерістер мен нақтылаулар енгізілмеді. Төленген міндеттемелер сомасы 741,9 мың теңгені құрады. Жоспардан қалған қаражат 0,1 мың теңгені құрады;

013 «Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша нақтыланған жоспар 2438,0 мың теңге. Алғашқы қаржыландыру жоспарына өзгерістер мен нақтылаулар енгізілмеді. Төленген міндеттемелер сомасы 2438,0 мың теңгені құрады;

022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша нақтыланған жоспар 1660,0 мың теңге. Алғашқы қаржыландыру жоспарына мәслихат шешімдерінің негізінде өзгерістер мен нақтылаулар енгізілді және қаржыландыру жоспары 1160,0 мың теңгеге ұлғайды. Төленген міндеттемелер сомасы 1659,8,0 мың теңгені құрады. Жоспардан қалған қаражат 0,2 мың теңгені құрады.

Жыл қорытындысы бойынша қабылданған міндеттемелермен және нақты жүзеге асырылған төлемдермен жоспарланған жылға арналған жеке жоспарларды талдау елеулі ауытқуларды анықтаған жоқ.

Мекеменің қаржыландыру жоспарының жасалуы, бекітілуі және өзгерістер енгізуде 04.12.2008 жылғы №95-IV (кейінгі өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 24.11.2014 жылғы №511 «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 04.12.2014 жылғы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінің» талаптары басшылыққа алынып, шығыс ерекшеліктері бойынша қажеттілік есептері жасалған. Мекеменің қаржыландырудың жеке жоспарына мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде 5 өзгеріс енгізілген. Негізсіз өзгерістер енгізу фактілері болмаған.

(1-кесте: Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындау туралы ақпарат аудиторлық есебіне №5 қосымшада қоса тіркелді).

Бағдарламаның бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарлауын, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігі тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ (Бағдарламаның мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар Тізбесі №6 қосымша 2019 жылдың 04 мамырдағы аудиторлық есепке қоса тігіледі).

C. Елжанов

2. Есеп айырысу тәртібінің сақталуын, банк операцияларының анықтығының, дұрыстығын тексеру.

Мекеме және жабдықтаушылар мен қызмет көрсетушілер арасында жасалған келісім шарттардың талаптары орындалған. Тауар уақытылы жеткізілген, қызметтер толық көрсетілген. Мекеменің төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспары негізінде ай сайынғы бөлінген есептері бойынша көрсетілген қызметтерге, тауарларға бюджеттік бағдарламалардың экономикалық классификация ерекшеліктеріне сәйкес төленіп отырған. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу ережесі» негізінде жеткізіп беруші мен мердігерге қаржы аудару келісім-шарты және төлем шоттары мен жұмыстың орындалғаны жөніндегі актілері негізінде жүргізілген. Ақша аударулар міндеттемелер және төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарында қаралған (өзгерістерімен) ақша қаражаты шегінде шығын ерекшеліктеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 04 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету Ережесі» талаптары сақтала отырып, қазынашылықтан тіркеуден өткен шарттар мен қаржылық рұқсаттары негізінде төлемшоттарымен аударылған және қазынашылық органының №4-20 «Шығындардың жиынтық есебі» Нысанына сәйкес келеді. Бухгалтерлік есептен өткен бастапқы құжаттарды қазынашылық органының №5-15 Нысан «Мемлекеттік мекеменің төлемдер бойынша күнделікті көшірмесі» құжатымен салыстыруда айырмашылықтар анықталған жоқ. Бюджет қаржысы қаржыландыру жоспарында қаралған ерекшеліктерге сәйкес игерілген. Аудит жүргізуде негізсіз ақша аудару, сондай-ақ мақсатсыз жұмсау фактілері анықталмады. Төлем жоспарынан артық бюджет қаржысын жұмсау және жоспардан тыс тауарлар мен қызметтер алу фактілері болмаған. Есеп айырысу тәртібінің сақталуы, банк операцияларының анықтығы, дұрыстығын тексеру мәселесі тексерілді.

Бағдарламаның есеп айырысу тәртібінің сақталуын, банк операцияларының анықтығының, дұрыстығын тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ (Бағдарламаның мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар Тізбесі №6 қосымша 2019 жылдың 04 мамырдағы аудиторлық есепке қоса тігіледі).

3. Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығын тексеру.

Алакөл аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы С.Бекболатовпен келісіліп, Алакөл ауданы әкімі Ә.Жақанбаевпен бекітілген мекеменің штаттық кестесіне сәйкес мекемеде мемлекеттік

қызметкерлер саны 9 бірлік болып, айлық еңбекақы қоры 2017 жылы 906,1 мың теңге; 2018 жылы 897,6 мың теңге сомасында бекітілген.

Мекеменің әкімшілік қызметкерлеріне еңбекақы төлеуде Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V «Еңбек кодексі» және Қазақстан Республикасы Президентінің «Мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасы органдарының әкімшілік қызметкерлеріне еңбек ақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» 2004 жылдың 17 қаңтардағы №1284 Жарлығына сәйкес есептеліп төленген.

Мемлекеттік қызметшілерге еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды есептеу және төлеу барысында Қазақстан Республикасының Үкіметінің 29.08.2001ж. №1127 «Мемлекеттік мекемелердің қаржыландыру жоспарында қаралған қаржының үнемделуінен сыйақы, материалдық көмек көрсету және қосымша ақы төлеудің бірыңғай ережесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес есептеліп төленген.

1-тармақ. 2018 жылдың 29 мамырдағы №37-ж Алакөл ауданының әкімі Ә.Жақанбаевтың өкімі негізінде мекеменің басшысы Н.Бейсембаевқа ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолданылған. Алайда, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 29.08.2001ж. №1127 «Мемлекеттік мекемелердің қаржыландыру жоспарында қаралған қаржының үнемделуінен сыйақы, материалдық көмек көрсету және қосымша ақы төлеудің бірыңғай ережесін бекіту туралы» қаулысының 4 тармақ, 1 тармақшасының талаптары сақталмай, мекеме басшысы Н.Бейсембаевқа 2018 жылдың 09 қарашадағы және 2018 жылдың 16 қарашадағы өкімдері негізінде **155737** теңге мөлшерінде сыйақы негізсіз есептелініп, төленген. Аталған сома бюджет есебіне қайтаруға жатады. *(бас маман заңгер Ж.Оңғарбаеваның түсініктемесі, төлем тапсырмасының және оған қоса тізімнің, өкімдердің, есеп айырысу-төлем ведомостінің көшірмелері аудиторлық есепке қоса тіркелді.)*

Мекеменің басшысы бекіткен тарификациялық тізім негізінде техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын қызметкерлер саны 6 бірлік болып, айлық еңбекақы қоры 2017 жылы 213,8 мың теңге; 2018 жылы 218,7 мың теңге сомасында бекітілген.

Оларға еңбекақы төлеуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысы басшылыққа алынған.

Еңбек демалысының төлемдерін немесе пайдаланылмаған еңбек демалысының күндерінің төлемдерін, уақытша еңбекке жарамсыздыққа, жүктілікке, бала тууға байланысты жәрдемақыларды төлеуде орташа жалақы есептеу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 30.11.2015 жылғы №908 «Орташа жалақы есептеудің бірыңғай қағидалары» бұйрығына сәйкес есептелген.

Мекемеде қызметкерлердің еңбек өтілін есептеу комиссиясы құрылып, еңбек өтілі анықталған. Аудиторлық іс-шарамен ішінара қызметкерлердің

С. Сүгіс

жеке іс құжаттары, жұмысқа қабылданғаны туралы, босатылғаны, еңбек демалысын алуы туралы бұйрықтар, жұмыс уақытын пайдалану табелі және т.б. құжаттары тексеріліп, еңбек өтілі анықталып тексерілді.

4. Іс сапарға шығындалған қаражаттардың негізділігін тексеру.

Мекеменің қызметі бойынша қарастырылған іс-шараларға қатысу үшін іс-сапарларға жіберу шығындары 2017 жылы 161 ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік іссапарлар ерекшелігі бойынша 362,2 мың теңгені құраған, 136 техникалық персоналдың ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар ерекшелігі бойынша 192,6 мың теңгені құраған; 2018 жылы 161 ерекшелігі бойынша 574,1 мың теңгені құраған, 136 техникалық персоналдың ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар ерекшелігі бойынша 189,8 мың теңгені құраған.

Мемлекеттік мекемеде іс-сапар шығындарын өтеулер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі №1428 «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» Қаулысының талаптарына сай жүргізілген.

Аванстық есеп жүргізіліп, оған негіз болатын шот және басқа да құжаттар қоса тігілген. Есепті тұлғаларға іс-сапары мақсатына төленген қаржы әр тұлғаның жеке шоттарына аударылып отырған.

Бағдарламаның іс сапарға шығындалған қаражаттардың негізділігін тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ (*Бағдарламаның мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар Тізбесі №6 қосымша 2019 жылдың 04 мамырдағы аудиторлық есепке қоса тігіледі*).

5. Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуын тексеру.

Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдарды нормаларға сай пайдаланылуы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №335 Қаулысына және «Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №179 бұйрығына негізделген.

2017 жылы мекеменің өз ғимараты болмағандықтан «Ақ-Бұлақ» АҚ-мен 21.02.2017 жылғы және 21.04.2017 жылғы келісім-шарттар негізінде әкімшілік ғимаратты ақылы негізде жалға алған.

2018 жылы мекеме Алакөл ауданы әкімінің Зейнеп Қойшыбаева атындағы аудандық мәдениет үйі теңгеріміндегі Алакөл ауданы, Бұлақты ауылы, Б.Момышұлы көшесі, №90 үй мекен-жайында орналасқан әкімшілік ғимаратының 2 қабатындағы жалпы алаңы 1087,2 шаршы метрді құрайтын 5

С. Еула

кабинетті «Алакөл ауданы әкімінің Зейнеп Қойшыбаева атындағы аудандық мәдениет үйі» МКҚК-мен жасалған 2018 жылдың 16 наурыздағы №н/ж келісім-шарты негізінде өтеусіз пайдалануда.

Мекеменің теңгерімінде 2018 жылдың 31 желтоқсанына 2012 жылы шыққан Lada 21214 маркалы мемлекеттік тіркеу номері B202BB қызметтік автокөлік бар.

Жанар-жағар май және автокөлікті ұстау шығындары Қазақстан Республикасы көлік және коммуникациялар министрлігінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 қыркүйектегі №1210 «Автокөлікті ұстау шығындары және жанар-жағар май шығыс нормасы» қаулысына сәйкес шығысталған.

Бағдарламаның мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуын тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ (Бағдарламаның мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар Тізбесі №6 қосымша 2019 жылдың 04 мамырдағы аудиторлық есепке қоса тігіледі).

6. Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығын, шарттардың болуын, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуын тексеру.

Төлемлер электр энергиясы үшін «Алматыэнергосбыт» ЖШС-мен жасалған келісім шарт негізінде қойылған есеп шот фактуралармен, байланыс үшін «Қазақтелеком» АҚ филиалы-Алматы облыстық телекоммуникация дирекциясы Алакөл аудандық өндірістік телекоммуникация торабымен жасалған келісім шарт негізінде қойылған есеп шот фактураларымен қаржы аударылып отырған. Көрсетілген қызметтердің бағалары мен тарифтері Алматы облысы бойынша реттелген бағалар мен тарифтерге сәйкес.

Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.11.1998 жылғы №1118 «Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар бойынша электр энергиясын, жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтынудың нормативтері туралы» Қаулысына сәйкес жүзеге асырылған.

Бағдарлама мәселесі коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы, шарттардың болуы, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуы тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. Тексеру жүргізілген құжаттардың Тізбесі №6 қосымша.

Бағдарламаның коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығын, шарттардың болуын, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуын тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ (Бағдарламаның мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар Тізбесі №6 қосымша 2019 жылдың 04 мамырдағы аудиторлық есепке қоса тігіледі).

С. С. С.

7.Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру.

Бухгалтерлік есеп жүргізу мекемеде жалпы 2008 жылдың 4 желтоқсандағы №95-IV Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Бюджет Кодексі, «Есеп саясатын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі №444 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу» Ережесіне сәйкес жасалған; Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі басшылыққа алынып, «Парус-КАЗ БЮДЖЕТ» ақпараттық бағдарламасында қанағаттандырылғы есеп жүргізілген. Тоқсандық, жылдық есептер толық жасалып, тиісті қосымшаларымен жоғары уәкілетті орындарға белгіленген уақытында тапсырылған.

Бағдарламаның бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ (Бағдарламаның мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар Тізбесі №6 қосымша 2019 жылдың 04 мамырдағы аудиторлық есепке қоса тігіледі).

8. Мемлекеттік органның күрделі шығыстарының негізділігін тексеру.

2017 жылы мемлекеттік мекемесінің күрделі шығыстары 695,0 мың теңгені құрады, оның ішінде: 414- «Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу» ерекшелігі бойынша 04.12.2017 жылғы №37 келісім-шарты негізінде «Фирма NEW DAV» ЖШС-мен 219,0 мың теңгеге мекемеге 2 дана ноутбук сатып алынды; 20.12.2017 жылғы №38 келісім шарты негізінде «Адикова» ЖК-мен 96,0 мың теңгеге мекемеге 3 дана мемлекеттік рәміздер сатып алынды. 27.11.2017 жылғы №34 келісім шарты негізінде «Мукубаева» ЖК-мен 100,0 мың теңгеге мекемеге 2 дана стартер және 2 дана бензокосилка сатып алынды. 26.12.2017 жылғы №35 келісім шарты негізінде «Мукубаева» ЖК-мен 115,0 мың теңгеге мекемеге 12 дана шаруашылық заттар сатып алынды. 20.02.2017 жылғы №9 келісім шарты негізінде «Мекен kz» ЖК-мен 165,0 мың теңгеге мекемеге 3 дана ҚР Елтаңбасы сатып алынды. Тауарлар жеткізіліп, қаражат толық игерілген.

2018 жылы мемлекеттік мекемесінің күрделі шығыстары 1659,8 мың теңгені құрады, оның ішінде: 414- «Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу» ерекшелігі бойынша 16.03.2018 жылғы №16 келісім-шарты негізінде «Ардак и К» ЖК-мен 240,0 мың теңге мекемеге 2 дана процессор сатып алынды. 12.12.2018 жылғы №41 келісім-шарты негізінде «Казстандарт» ЖК-мен 225,0 мың теңгеге мекемеге 3 дана елтаңба сатып алынды. 28.03.2018 жылғы №17 келісім-шарты негізінде «Everest Trade LTD» ЖШС-мен 186,8 мың теңгеге мекемеге 4 дана

С. Сүгір

принтер сатып алынды. 12.12.2018 жылғы №38 келісім-шарты негізінде "Кабдуллаев С С", ЖК-мен 192,0 мың теңгеге мекемеге 1 дана компьютер сатып алынды. 13.12.2018 жылғы №37 келісім-шарты негізінде «Чингис Инк», ЖШС-мен 50,0 мың теңгеге мекемеге 1 дана мекемеге кітапшаны шығарушы сатып алынды. 27.04.2018 жылғы №22 келісім-шарты негізінде "Service Company L.T.D." ЖШС-мен 73,0 мың теңгеге мекемеге 2 дана монитор сатып алынды. 12.12.2018 жылғы №36 келісім-шарты негізінде "УХЖАН" ЖК-мен 240,0 мың теңгеге мекемеге 8 дана жихаз гарнитуры сатып алынды. 11.12.2018 жылғы №40 келісім-шарты негізінде «Ардак и К» ЖК-мен 205,0 мың теңгеге мекемеге 1 дана ноутбук сатып алынды. 12.12.2018 жылғы №35 келісім-шарты негізінде «Ахметова» ЖК-мен 48,0 мың теңгеге мекемеге 6 дана ту сатып алынды. 11.12.2018 жылғы №34 келісім-шарты негізінде «Чингис Инк» ЖШС-мен 200,0 мың теңгеге мекемеге 1 дана фото көшіру машинасы сатып алынды. Тауарлар жеткізіліп, қаражат толық игерілген.

Бағдарламаның мемлекеттік органның күрделі шығыстарының негізділігін тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ (Бағдарламаның мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар Тізбесі №6 қосымша 2019 жылдың 04 мамырдағы аудиторлық есепке қоса тігіледі).

9. Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының сақталуын тексеру:

а) ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келу бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігі;

Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келу мақсатында 2018 жылы 659,7 мың теңге жұмсалған.

Мекемемен және «Нусипов» ЖК-мен Қаратұма ауылынан Ақтүбек орта мектебіне дейін және кері жеткізіп салу үшін 2018 жылдың 14 ақпанында сомасы 659,7 мың теңгеге №6 келісім шарты жасалған.

Тасымалдау қызметтері көрсетіліп, көрсетілген қызметтер актілері негізінде өнім берушінің атына 659,7 мың теңге аударылған.

б) елді мекенді көшелерін жарықтандыру бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігі;

Елді мекендердің көшелерін жарықтандыру мақсатында 2018 жылы 1220,0 мың теңге жұмсалған.

Мекемемен және «Жетысу Энерготрейд» ЖШС-мен санитарлық тазалық үшін 2018 жылдың 04 қаңтарында сомасы 1220,0 мың теңгеге №153285 келісім шарты жасалған.

Көшелерді жарықтандыру қызметтері көрсетіліп, ай сайынғы шот-фактуралар негізінде өнім берушінің атына 1220,0 мың теңге аударылған.

в) елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігі;

С. Дулат

Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету мақсатында 2018 жылы 724,6 мың теңге жұмсалған.

Мекемемен және «Себепова» ЖК-мен санитарлық тазалық үшін 2018 жылдың 28 наурызында сомасы 724,6 мың теңгеге №19 келісім шарты жасалған.

Санитарлық тазалау жұмыстары орындалып, орындалған жұмыстар актілері негізінде өнім берушінің атына 724,6 мың теңге аударылған.

г) елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігі;

Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру мақсатында 2018 жылы 741,9 мың теңге жұмсалған.

Мекемемен және «Мукубаева» ЖК-мен бояу сатып үшін 2018 жылдың 27 сәуірінде сомасы 152,0 мың теңгеге №23 келісім шарты жасалған.

Бояулар жеткізіліп, тауарларды қабылдап алу-беру актісі негізінде өнім берушінің атына 152,0 мың теңге аударылған.

Мекемемен және «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғи пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-нің «Үйгентас орман шаруашылығы» КММ-мен қылтанақ көшеттерін сатып үшін 2018 жылдың 18 сәуірінде сомасы 200,0 мың теңгеге №21 келісім шарты жасалған.

Қылтанақ көшеттері жеткізіліп, тауарларды қабылдап алу-беру актісі негізінде өнім берушінің атына 200,0 мың теңге аударылған.

Мекемемен және «Инкарекова» ЖК-мен арықты тілу үшін 2018 жылдың 29 наурызында сомасы 240,0 мың теңгеге №20 келісім шарты жасалған.

Арық тілу жұмыстары орындалып, орындалған жұмыстар актілері негізінде өнім берушінің атына 240,0 мың теңге аударылған.

Мекемемен және «Бейбазарова» ЖК-мен әк тас сатып үшін 2018 жылдың 29 тамызында сомасы 149,9 мың теңгеге келісім шарты жасалған.

Әк тас жеткізіліп, тауарларды қабылдап алу-беру актісі негізінде өнім берушінің атына 149,9 мың теңге аударылған.

д) «аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігі.

Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында 2017 жылы 2414,0 мың теңге, 2018 жылы 2438,0 мың теңге жұмсалған.

Мекемемен және «Үшарал - көркейту» ЖШС-мен Бескөл ауылдық округінің көшелерін қардан тазалау үшін 2017 жылдың 13 ақпанында сомасы 2414,0 мың теңгеге №7 келісім шарты жасалған.

Көшелерді қардан тазалау жұмыстары орындалып, орындалған жұмыстар актілері негізінде өнім берушінің атына 2414,0 мың теңге аударылған.

С. Сүгішев

Мекемемен және «Алакөл жолдары» ЖШС-мен Бескөл ауылдық округінің көшелерін қардан тазалау үшін 2018 жылдың 22 ақпанында сомасы 1437,8 мың теңгеге №11 келісім шарты жасалған.

Аталған келісім шартқа 2018 жылдың 13 желтоқсандағы №1 қосымша келісім жасалып, алынған міндеттемелер 1000,2 мың теңгеге ұлғаю нәтижесінде жалпы сомасы 2438,0 мың теңгені құрады.

Көшелерді қардан тазалау жұмыстары орындалып, орындалған жұмыстар актілері негізінде өнім берушінің атына 2438,0 мың теңге аударылған.

Бағдарламаның мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының сақталуымәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ(Бағдарламаның мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар Тізбесі №6 қосымша 2019 жылдың 04 мамырдағы аудиторлық есепке қоса тігіледі).

10.Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында туындаған және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер.

Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында туындаған және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер болмады.

III. Қорытынды бөлік

3.1. Мемлекеттік аудит объектісі бойынша жалпы тұжырымдар:

3.1.1. Заңнаманың, ішкі нормативтік актілердің және құжаттардың сақталуын және (немесе) бағдарламаның мақсатына, көрсеткіштеріне (өлшемшарттарына)сәйкес мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тиімділігін бағалау:

Мемлекеттік аудит көрсеткіші:

Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында мәнділік көрсеткіші қолданылды. Аталған көрсеткішті ашу мақсатында мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігін ескере отырып, мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателер бойынша мекеме қызметкерлерінің өз лауазымдық қызметін атқару барысында қызметтік нұсқаулықта көрсетілген міндеттердің қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарын сақтауына талдау жасалды.

Аудит бағдарламасында көрсетілген 10 сұрақтың нәтижесі бойынша жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануға және мемлекеттік аудит объектілерінің

С. Сұлтан

бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығына және дұрыстығына аудит жүргізілді. Жүргізілген аудитпен мемлекеттік аудит объектісіндесоммасы **155737** теңгені құрайтын 1 қаржылық анықталды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 29.08.2001ж. №1127 «Мемлекеттік мекемелердің қаржыландыру жоспарында қаралған қаржының үнемделуінен сыйақы, материалдық көмек көрсету және қосымша ақы төлеудің бірыңғай ережесін бекіту туралы» қаулысының 4 тармақтың, 1 тармақшасының талаптары сақталмағаны анықталды. Жоғардағыны бағалай келе, Қазақстан Республикасы бюджеттік және өзге де заңнамаларының, ішкі нормативтік актілердің талаптары толық сақталмағанына көз жеткізілді.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде мекемеге бөлінген бюджет қаражаты мен теңгеріміндегі мүлік жалпы алғанда қанағаттанарлық дәрежеде және қолданыстағы заңнамаға сәйкес игерілген және пайдаланылған деп бағалауға болады.

3.2. Мемлекеттік аудит жүргізудегі кедергілер: Мемлекеттік аудит объектісі лауазымды адамдарының Тексеру комиссиясы қызметкерлерінің мемлекеттік аудит жүргізуіне кедергі келтіру фактілері болған жоқ.

3.3. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар: 2019 жылдың 02 мамырдағы №ЖҚ-1 өкімі негізінде анықталған қаржылық бұзушылыққа жол бергені үшін мекеменің бас маманы Қ.Оңғарбаеваға ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

IV. Қосымшалар:

1) Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап №1 қосымшасы (2 парақта);

2) Аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі №2 қосымша (5 парақта);

3) Құжаттардың, кестелердің түпнұсқалары немесе белгіленген тәртіппен куәландырылған көшірмелері №3 қосымша (10 парақта);

4) Апта сайынғы есеп №4 қосымша (2 парақта);

5) №1 кесте. Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындау туралы ақпарат №5 қосымшасы (2 парақта);

6) Аудиторлық бағдарламаның сұрақтары бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар Тізбесі №6 қосымшасы (1-парақта);

7) Ұсыным хат №7 қосымшасы (1 парақта);

8) Анықталған бұзушылықтарды растайтын дәлелдеме құжаттары №8 қосымша (8 парақта).

Тексеру комиссиясының жұмыскері:

Бас маман – мемлекеттік аудитор



Елубаева С.С.

Мемлекеттік органдардан тартылған мамандар, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың жұмыскерлері, сарапшылар:

(лауазымы)

(қолы, аты-жөні, тегі)

Аудиторлық есеп екі данада жасалды:

1-ші дана №007711 бланкте: «Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесіне;

2-ші дана №007712 бланкте: «Алакөл ауданының Бескөл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ
2 ДАНА

С. Сүт